

NEWS**OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF AGRICULTURAL SCIENCES**

ISSN 2224-526X

Volume 5, Number 35 (2016), 63 – 67

T. P. Pentaev, A. K. Igembayeva, D. K. Molzhigitova, A. Омарбекова

Kazakh national agrarian university, Almaty, Kazakhstan.
 E-mail: 77078115935@yandex.kz a555_muslima@mail.ru ardak_dd@mail.ru

**THEORETICAL AND PRACTICAL RESEARCH METHODS
FOR INCREASING THE FERTILITY OF AGRICULTURAL LANDS**

Abstract. The organization of using the crop rotation, creating the technological charts for cultivation of tillage, based on soil fertility and protect the land from wind and water erosion; due to market demand defining range of agricultural crop adapted to the local climate; in the project of defining the land quality and for other purposes, and also performing the complex activities in these areas. Along with the interests of landowners, conduct activities associated with the state policy in this sphere.

Keywords: soil fertility, natural resources, forest fund, water resources, crop rotation.

ӘОЖ 630.144.5(574)

Т. П. Пентаев, А. К. Игембаева, Д. К. Молжигитова, А. Омарбекова

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы, Қазақстан

**АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖЕРЛЕРІНІҢ
ҚҰНАРЛЫҒЫН АРТТАРДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ
ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕЛІК ТҮРФЫДА ЗЕРТТЕУ ӘДІСІ**

Аннотация. Ауыспалы егістерді колдануды ұйымдастыру, жерді жел және су эрозиясынан қорғауға және топырақ құнарлылығын арттыруға негізделген жерді өңдеудің технологиялық карталарын жасау, нарық сұранысына орай, жергілікті жерге бейімделген ауыл шаруашылығы дақылдарының құрамын анықтау, жоба аясында жерді сапасы мен мақсатына орай орналастыру шаралары, тағы да басқа осы айтылған мәселелеге қатысты кешенді жұмыстарды жүргізу. Жер иелерінің мұдделерімен қатар, осы саладағы мемлекет саясатымен үштасатын шараларды жүргізу.

Түйін сөздер: жер құнарлығы, табиғи ресурстар, орман қоры, су қоры, ауыспалы егіс.

Кіріспе. Табиғи негізі жер ресурстары және материалдық молшылықты жасаудың маңызы алғы шарттар болып табылады. Шын мәнінде қазіргі таңда жердің рөлі алуан түрлі және мәні зор. Қоғамда тіршілік ету адамзат үшін сөзсіз шартты деп айтуда болады.


Ауыл шаруашылықта жер ресурстарын тиімді пайдалану, жалпы ел үшін экономиканы дамыту болып табылады. Жердің рөлі адамзат өміріндегі, өндірістік қызметі саласында біркелкі емес. Өндіріс іргетасын өнеркәсіпте орналастыру үшін немесе операциялық базис кеңістіктік сияқты жұмыс істейді. Кең өндіріру жері өнеркәсіп салаларында ерекше орынға ие. Өнімді өндіріру, сонымен қатар өнімді алу үдерісі топырақ, жер бедерінің сапасы және жердің көптеген өзгеде қасиеттерге тәуелді болмайды. Ауыл шаруашылық жерлерінен өнімді алу, жердің сапалық жағдайына байланысты, жерді пайдалану сипаты оның жай-қүйіне әкеліп тірейді. Ал ауыл шаруашылық өндірісі онсыз мағынасыз болады және өндіруші күш маңызды болып есептелінеді [1].

Қазақстан Республикасы бойынша барлық жерлер бірынғай мемлекеттік жер қоры болып табылады. Біздің елімізде Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес жер мемлекет

меншігі, яғни халықтың ортақ байлығы болып есептеліне отырып, мемлекеттің меншігінде тұрады, сонымен қатар тек пайдалануға беріледі.

- Еліміз бойынша бірынғай мемлекеттік жер қоры кұрамына жердің мынадай түрлері кіреді:
- ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер;
 - өнеркәсіптік, көліктік, тау-кен және басқа да ұйымдар мен кәсіпорындардың, сондай-ақ курорттар мен қорықтардың жерлері;
 - қалалардың, қенттердің, басқа да елді мекендердің жерлері;
 - мемлекеттік орман қорының жерлері;
 - мемлекеттік су қоры жерлері;
 - мемлекеттік қор жерлері.

Еуразия құрлығының ортасында Қазақстан Республикасы аса үлкен көлемді аумақты 272,5 миллион гектарды алып жатыр. Еділ (Волга) өзенінің батысы сағасынан бастап –Алтай тауларына шығысина дейін 3 мың километрге дейін созылып жатыр және солтүстікте Батыс Сібір ойпатынан, онтүстікте Тянь-Шянь тауларымен Гле Алатау таулары 1,6 мың километр жердің аумағын аумақтайды. Қазақстан Республикасы аумағы жағынан дүние жүзі елдері бойынша ондықтың құрамына кіреді. Қазақстанмен шекаралас мемлекеттер, яғни құрылыштағы шекарасының шегінің жалпы ұзындығы 13 392,5 кило метрді құрса, соның ішінде Ресей Федерациясымен – 7591,1 километрді, Өзбекстан Республикасымен – 2351,4 кило метрді, Қытай Халық Республикасымен – 1241,6 километрді, Қырғыз Республикасымен – 1241,6 километрді, Түркіменстан Республикасымен 425,8 кило метрді құрап, алып жатыр.



1-сурет – Қазақстан шекаралас мемлекеттер

2013 жылғы 1 қарашадағы деректер бойынша Қазақстан Республикасының жер балансы, әкімшілік-аумақтық республиканың құрылымының жүйесі бойынша 14 облыс, республикалық маңызы бар 2 қала, әкімшілік аудандар 161, облыстық 231, аудандық маңыздағы қалалар мен кенттер және 6789 селолық ауылдық елді мекендер және 2453 ауылдық (селолық) округтер кіреді.

Жалпы айтып кетсек, Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес нысаналы мақсаты бойынша мынадай санаттарға бөлінеді:

- ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер;
- елді мекендердің (қалалардың, қенттер мен ауылдық елді мекендердің) жері;
- өнеркәсіп, көлік, байланыс, корғаныс жері және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған жер;

- ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері, сауықтыру мақсатындағы, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жер;
- орман қорының жері;
- су қорының жері;
- босалқы жер.

1-кесте – Қазақстан Республикасында жер қорының жер санаттар бойынша динамикасы, мың га

Көрсеткіштер	1991 ж.	2012 ж.	2013 ж.	Өзгерістер +,-	
				2013–1991 жж.	2013–2012 жж.
1. Ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлер	218 375,8	93 387,6	93 727,4	-124 648,4	+339,8
2. Елді мекендер жері	3 747,2	23 217,0	23 684,1	+19 936,9	+467,1
Оның ішінде:					
Қалалар және кенттер	2 053,5	1 789,7	2 311,0	+257,5	+521,3
Селолық ауылдық округтер	1 693,7	21 427,3	21 373,1	+19 679,4	-54,2
3. Өнерқасіл, көлік, байланыс, қорғаныс жері және өзге де ауылшаруашылығы мақсатына арналған жер	18 796,8	2 663,8	2 688,0	-16 108,8	+24,2
4. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері, сауықтыру мақсатындағы, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жер	775,1	5 651,6	5 755,7	+4 876,5	+104,1
5. Орман қорының жері	10 179,2	23 048,4	23 029,0	+12 849,8	-19,4
6. Су қорының жері	819,9	4 096,1	4 108,5	+3 288,6	+12,4
7. Босалқы жер	18 952,3	109 109,3	108 181,1	+89 228,8	-928,2
Барлық жерлер	271 646,3	261 173,8	261 173,8	-10 472,5	–
Оның ішінде, республика аумагынан тыс пайдаланылатын жер	149,8	0,9	0,9	-148,9	–
Басқа мемлекеттер пайдаланатын жерлер	993,7	11 317,3	11 317,3	+10 323,6	–
Республика аумагы	272 490,2	272 490,2	272 490,2	–	–

Ескерту: Қазақстан Республикасы жер ресурстарын басқару комитетінің мәліметтері негізінде.

Адамдардың өмір сүру нәтижесінде мыңдаған жылдар бойы, шаруашылық және қоғамның дамуы, таза табиғаттан біртіндеп табиғи антропогендік және антропогендікке айналды. Сонымен катар, қоғам және табиғаттың қарым-қатынысының мәселелері, табиғи үрдістер ортаның қасиеті емес деп айтуда болады. Казіргі кезде табиғатты пайдалануда әртүрлі әлемдік, аймақтық, жергілікті деңгейдегі табиғи үрдістері мен жағдайларға байланыстырып қатаң бақылауга алынып, ерекше жолдармен бақыланады.

Әлемдік жүйеде XXI ғасырда табиғатты пайдаланудың экология-экономикалық мәселе өзектілігі алдынғы орында болып табылады. Қазіргі таңда табиғатты пайдалану Қазақстан Республикасында дағдарыстың басты себепшісі, соның ішінде ауылшаруашылық және экологиялық-экономикалық тиімді пайдалану механизмдері, ұлттық экономика саласындағы әлемдік талаптарға сай келмеуінде жатыр. Қазақстан Республикасының көптеген аймақтарындағы жерлердің 67% пайызы тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде дағдарысқа ұшыраған, бүлінген жерді қайта қалпына келтіру үшін, көптеген қаржы сонымен едәуір ұзак уақытты талап етеді. Экологиялық-экономикалық жағынан таза өнімдер алу үшін ауылшаруашылық жерлерін тиімді пайдалана отырып, қалпына келтіруде білікті де, білімді мамандар ауадай қажет. Елбасының тапсырысы бойынша, елімізде 2007 жылы «Экологиялық кодексті» басшылыққа ала отырып жаңданып, барлық қоршаған ортаны қорғауға байланысты қатаң талап қойып отырып, іс-шараларды жүзеге асыру арқылы, осы құжатты басшылыққа алынуын басты талап ретінде қарастырды [2]. (КР-ның жер кадастры).

Жерді ұтымды пайдалану мен ауылшаруашылық өндірістері, қоршаған ортаға зиян келтірмейтін экологияға негіздеу және еңбек өнімділігінің артуына тікелей әсер етеді. Ауылшару-

шылық инновациялық технологияларды енгізуге, өз дәрежесіндегі экономикалық ынталандыру жағдайы жасалынады.

Ауыл шаруашылығына субсидиялар беруді жүйелендіру – келесі шара болып табылады. Ауыл шаруашылық субъектілеріне берілетін субсидияларды озық технологиялары мен сапалы ауыл шаруашылық өнімдерін өндіретін және жер ресурстарын тиімді пайдаланатын субъектілерге басымдылық ретінде беруді жүйелендіру атаптаған мәселе бойынша мемлекет саясатының мәні болып табылады. Жер пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау мәселенің соңғысы болып табылады. Жер пайдалануда заңдылықтардың сакталуын бақылау, мемлекеттің басты әкімшілік функцияларына жататын мемлекеттік бақылаудың негізгі мақсаты болып табылады. Атаптаған функциялар бойынша мәселенікомитеттің өніраалық жер инспекциялары қарастырады. Комитеттің жер инспекциялары 2012 жылдың қорытындысы бойынша, көлемі 1,3 млн га жерде 9 мыңдан аса пайдаланылмайтын жер участкелерін анықтады. Сонымен қатар қорытындей келе көлемі 2,04 млн га болатын 3,4 мың жер участкелері иесіз участкелер ретінде есепке қойылып, жер дауын туындаудың қатаң қадағалайды. Жалпы көлемі 416,3 мың га жерде 894 жер заңнамасы нормаларының бұзылуы, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге қатысты инспекция көлемі 1,6 млн га жерде 1,6 мың тексеріс жүргізіп, анықтады. Ауылшаруашылығына белгіленген жерлерді тиімсіз пайдалану немесе мүлде пайдаланбағаны үшін, сонын ішінде тексеріс нәтижелері бойынша 894 субъекті жауапкершілікке тартылды, жалпы сомасы 17,9 млн теңге айыппұл салынды және 119 жағдайда ескерту түрінде әкімшілік шаралар қолданылды. Жер участкелері бойынша көлемі 41,1 мың га болатын, сот органдарына тоғыз талап-арыздар дайындалып, қарастырылды. Аграрлық сектордың иелік етуші субъектілеріне нысаналы белгіленген ауданы 583,3 мың га жерлерді пайдалану қажеттілігі туралы 5,1 мың ескерту хаттар жіберілді. Жер пайдаланушылардың иелігінен шығарылып, ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланылатын 480,2 мың га жерлер, мемлекеттік меншікке қайтарылды. Мемлекет тараапынан жүргізілетін іс-шаралардың келесі бір бағыты жерлерді тиімді

2-кесте – Жерлердің аудандары, сандары, әкімшілік аудандары бойынша елді мекеннің облыстық 1 қараша 2009 жылғы көрсеткіштері

Облыстың атауы	Жердің ауданы, мың га	Сандары				
		ауданы	ауылдық (ауылдық) атырауптардың	елді-мекен барлығы	Сонымен қатар	
					қаламен кент	ауылдық елдімекендердің
Жамбыл облысы	14 426,4	10	153	392	14	378
Ақмола	14 621,9	17	253	666	26	640
Актөбе	30 062,9	12	141	418	8	410
Алматы облысы	22 392,4	16	251	766	28	738
Атырау облысы	11 863,1	7	73	176	8	168
Батыс Қазақстан	28 322,6	15	252	803	38	765
Шығыс Қазақстан	15 133,9	12	155	478	5	473
Караганда	42 798,2	9	194	441	49	392
Қызылорда	22 601,9	7	143	211	6	205
Костанай	19 600,1	16	257	657	13	644
Мангистау	16 564,2	5	42	60	6	54
Павлодар	12 475,5	10	169	416	9	407
Солтүстік Қазақстан	9 799,3	13	204	713	5	708
Оңтүстік Қазақстан	11 724,9	12	187	938	48	890
Алматы қаласы	31,9	–	–	1	1	–
Астана қаласы	71,0	–	–	7	1	6
Барлығы	272 490,2	161	2 474	7 143	265	6 878

Ескерту: Қазақстан Республикасы жер ресурстарын басқару комитетінің мәліметтері негізінде.

пайдалану бойынша, ол жер иелерінің өздері бастамашы болатын іс-қимылдар. Республикалық мақсаттағы жерлері негізінен мемлекеттік емес субъектілердің иелігіне көшкені, еліміздің замануи нарықтық экономикаға көшуіне байланысты. Акционерлік қоғамдар мен ауылшаруашылық кооперативтерінің иелігінде ауылшаруашылық жерлерінің 98 пайызынан астамы 207 мың шаруа қожалықтары және 7,1 мың шаруашылық серіктестіктер болып табылады. Өз иеліктеріндегі жерлерді тиімді пайдалану мен оларды қорғау аталған субъектілердің басты мүддесі мен міндесті болады. (Жер туралы заңнамалар) [3].

Алматы облысының ауданың аумағы 22 392,4 га болса, ал 251 ауылдық (селолық) округтар саны 251 құрайды.

Ауылшаруашылық машиналерін пайдалану тиімділігі мен ауыл шаруашылығын өнеркәсіптік жүйеге бейімдеуге шаруашылықтардың жер көлемі, ауылшаруашылық жерлерін тиімді пайдалануда және де жаңа технологияларды енгізуге айтарлықтай зор әсерін тигізеді деп атауға болады. Қазіргі уақытта, оңтүстік өңірлерде 20-дан 162 гектарға дейін, солтүстік өңірлерде шаруа қожалықтарының орташа жер көлемі 400 гектардан 720 гектарға дейін құрап отыр. Өндірісті тиімді жүргізуіндік тәсілдерін дамыту, сол себепті, шаруа қожалықтары жерлерін біріктіру арқылы оларды ірілендіру өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Мұндай бастама заңнамаларға сәйкес, жер пайдалаушылардың еркімен жүргізіледі. Субсидияларды беруді жүйелендіру арқылы, мемлекет тараپынан оларды ынталандыруды экономикалық тетіктер болады, шаруашылықтарды ірілендіруге және озық технологияларды пайдалануға екпін беру қолданылады. (Республикасының Жер Кодексі). Осы салада енбек өнімділігін арттырудың ауыл шаруашылығы субъектілеріне тиесілі келесі бір бағыт, ауыл шаруашылығы жерлерін тиімді пайдалану арқылы, – жерді пайдаланудың ғылыми негізделген жерге орналастыру жобаларын жасау қорытынды. Ауыспалы егістерді қолдануды ұйымдастыру, жерді жел және су эрозиясынан қорғауға және топырақ құнарлылығын арттыруға негізделген жерді өңдеудің технологиялық карталарын жасау, нарық сұранысына орай, жергілікті жерге бейімделген ауылшаруашылық дақылдарының құрамын анықтау, жоба аясында жерді сапасы мен мақсатына орай орналастыру шаралары, тағы да басқа осы айтылған мәселеге қатысты кешенді жұмыстарды жүргізу. Жер иелерінің олардың мүдделерімен қатар осы саладагы мемлекет саясатымен ұштасатын шараларды жүргізу десек қателеспейміз.

ӘДЕБИЕТ

[1] Назарбаев Н.Ә. Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері. – Астана, 2010.

[2] ҚР Жер кодексі 2003. 20 маусым.

[3] Есполов Т.И., Жоламанов Т.Д., Пентаев Т., Абрамов О. Жер ресурстарын базару. – Алматы: Эверо, 2016.

REFERENCES

[1] Nazarbaev N.Ә. Zhaңa onzhylдық – zhaңa jekonomikalық өrleu – Kazakstanmyн zhaңa myмkindikteri – Astana, 2010. (in Kaz.).

[2] QR Zher kodeksi 2003. 20 mausym. (in Kaz.).

[3] Espolov T.I., Zholamanov T.D., Pentaev T., Abramov O. Zher resurstartyn basqaru. Almaty: Jevero, 2016. (in Kaz.).

Т. П. Пентаев, А. К. Игембаева, Д. К. Молжигитова, А. Омарбекова

Казахский национальный аграрный университет, Алматы, Казахстан

ТЕОРЕТИЧЕСКИЙ И ПРАКТИЧЕСКИЙ МЕТОД ИССЛЕДОВАНИЯ ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ ПЛОДОРОДИЯ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫХ УГОДИЙ

Аннотация. Организация использования севооборотов, создание технологических карт обработки почвы, основанные на повышении плодородия почвы и защиты земель от ветровой и водной эрозии; в связи с рыночной потребностью определение ассортимента сельскохозяйственных культур, адаптированных к местному климату; в рамках проекта определение землеустройства по качеству и по назначению, а также выполнение комплексных мероприятий по данным направлениям. Наряду с интересами земельных собственников, проведение мероприятий, сопряженных с политикой государства в этой сфере.

Ключевые слова: плодородие почвы, природные ресурсы, лесной фонд, водные ресурсы, севооборот.